УДК 330.341

С.МҰҚАҰЛЫ, М.Т.КАЛМЕНОВА

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Зерттеудің мақсаты – табиғат рентасын есептеу әдістерін зерттеу.
Әдіснама – теориялық тұжырымдамасы, талдау және саралау әдістері.
Бірегейлі/құндылығы – табиғат рентасын есептеу мүмкіндігі.
Зерттеудің нәтижелері – кәсіпорын пайдасының құрамындағы табиғат рентасын есептеу әдісі ұсынылады.

Табиғат ресурстары – ұлттық байлық. Олай болса, табиғат ресурс қорлары мол мемлекет ондай ресурстары аз мемлекетке қарағанда бай болуы керек.Көпшілік жағдайда бұлай болмайды. Оның басты себебі тек қана табиғат ресурстарына сенген мемлекет ғылыми техникалық жаңалықтарды дамытпай артта қалып қояды. Байлық көзі бірінші кезекте өнімді еңбек содан кейін ғана табиғат ресурстары және капитал. Табиғат ресурстары байлықтың алғышарттары ғана болып табылады, оны тиімді пайдалана білгенде ғана байлық болады,яғни табиғат ресурстарын өнімді еңбекпен ұқсата білу керек. Қазіргі кезде еңбексіз тегін алатын табиғат байлығы жоқ. Табиғат ресурстарын қорғауға, игеруге, пайдалануға орасан қаржы-қайрат жұмсалады. Нәтижесінен шығындарымыз артып жатса, ондай табиғат пайдаланудан не пайда?

Сонымен, ұлттық байлықты молайту үшін өнімді еңбек, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және құрылымы тиімді капитал қажет. Бізге мұның барлығын: еңбек өнімділігін арттыру, табиғат пайдалануды жетілдіру, капиталды қорландыру және құрылымын жақсарту қажет.

Табиғат ресурстарымызды ұтымды пайдалануды жақсарту үшін санамызға сіңіп қалған бос дәмелерден «қиялдардан»арылып, бар күш жігерімізді кемшіліктерімізді көре білуге және оларды жоюдың стратегиясы мен тактикасын айқындауға жұмсаумыз керек.

Бірінші «қиял» - еліміздің табиғат байлығы туралы. Ол ресурстардың ұлттың байлыққа оңайлықпен айнала қоймайтынын жоғарыда айттық. Мәселе табиғат ресурстарын ұқсату кезінде еңбек өнімділігін арттыруға тіреледі. Алғаш табиғат ресурстарын пайдалану құрылымын жақсарту

керек. Содан соң оларды өндіру,өңдеу, тасымалдау процестерінде еңбек өнімділігін арттыру қажет. Еңбек өнімділігі қазіргі заманғы озық ҒТЖ қолданғанда ғана артады. Ал ол өте көп инвестиция /капитал/ талап етеді. Сондықтан әзіргі табиғат ресурстарымыз ұлттық байлығымызды арттырады деп айтуымыз ертерек.

Екінші «қиял» - шет елдік инвестиция туралы. Әлемде қазір өндіріс үшін, емес , тауарларды өткізу рыногі үшін күрес жүріп жатыр. Яғти, инвестиция өнімдерін өткізетін елдерге келеді. Осыны ескеріп шет ел инвестицияларын тарту саясатын айқындауымыз қажет.

Микроэкономикалық деңгейде кәсіпкершілік пайда үш негізгі факторлардың әсерінен құралатыны белгілі - еңбек пен табиғат ресурстарын және капиталды тиімді пайдалану. Оларды пайдалану тиімділігін арттыру мәселесіне экономикалық қатынастарын жетілдіру едәуір ықпал етеді. Табиғат ресурстарын пайдалану саласында, ең бірінші кезекте, ренталық қатынастарды жетілдіруқажет. Табиғат ресурстарына меншік, иелену оларды пайдалану, жалға беру мәселелері ренталық қатынастар негізінде шешімін табады. [1]

Рента туралы айтқанда біз оны табиғат ресурстарының сапасының және немесе орналасу тиімділігінің әсерінен алынатын қосымша пайда деп түсінеміз. Сонымен қатар рента табиғат ресурстарын экономикалық бағалау негізі. Ал табиғат пайдаланудағы экономикалық қатынастар мағынасы рента шамасын есептеу, оны алғашқы бөлу және қайта бөлу болып табылады.

Экономикалық /ренталық/ қатынастарды жетілдіру арқылы табиғат пайдалану құрылымын жақсарту қазіргі кезде маңызды мәселе. Онсыз табиғат ресурстарын пайдаланудың мәнісі болмайды.

Ең алғаш, ренталық табыс алынуын қамтамасыз етуін керек, содан кейін оның шамасын анықтау қажет. Қазір оны анықтаудың екі әдісі бар: шеткі шығын және орташа салалық шығындар негізінде. Екі әдістің де ұтымды жақтары да, кемшіліктері де бар.

Шеткі шығын шамасы болашақ өзгерістерді, өнімдерге сұранысты ескере отырып оптималдық жоспар бойынша анықталды. Бұл жағдай мәселені қиындатады және күнделікті қолданыстан қашықтатады. Орташа салалық шығындар нақты қолданыстан туындайды, бірақ оны қолданғанда табиғат ресурстарын пайдаланушылардың бір бөлігіне тиімсіз болады. Рента шамасын орташа салалық шығындарға сүйеніп есептегенде « оң» және «теріс» таңбалы «полярлық ренталық» пайда болады. Мұндай әдісті жақтаушылар қосымша табыс оң рента алатын кәсіпорындардан алынып, теріс ренталы кәсіпорындарға берілуі тиіс деп есептейді. Сонда сала бойынша ешқандай рента болмайды және бұл бағаның өсуін \инфляцияны\ ауыздықтаудың жолы деп саналады. Алайда, бұлай істеу нарық заңдылықтарында, бәсекелестік пен еркін баға қолдануға қарсы болатынын олар ескермейді.

Нарық жағдайында кез келген кәсіпкер өзінің іс- әрекетінен, оның ішінде табиғат ресурстарын пайдаланудан пайда табуы керек. Нарықтық баға, сұраныс болған жағдайда, сапасы нашар табиғат ресурстарын пайдаланушыларға да пайда әкелетіндей деңгейде қалыптасады. Өйтпеген жағдайда «нашар» ресурстарды ұқсатумен ешкім айналыспайды, ұсыныс сұраныстаи азаяды. Ол бағаның өсуіне әкеп соғады.Сондықтан сапасы жақсы, орналасуы тиімді табиғат ресурстарын пайдалынушылар пайдамен қоса үстеме пайда- рента алады.

Ренталық табыс табиғат ресурстарын иеленушілер мен пайдаланушылар арасында бөліске түседі. Бұл ренталық қатынастарды реттеу экономикалық механизмінің атқаратын қызметі болып табылады. Сонымен қатар, экономикалық механизм ренталық табыстарды бөліп қана қоймай, мұндай табысқа ынталандыру қызметін атқаруы тиіс.[2]

Ренталық табысты бөлудін екі жолы белгілі: баға арқылы және салық немесе төлемдер арқылы. Баға белгілеу әдісі нарық жағдайында жарамсыз, ал екіншілерін жетілдіру қажет.

Ренталық төлемдердің экономикалық негізі-табиғат ресурстарының сапасы және /немесе/ орналасу тиімділігі болып табылады.

Бұл теориялық қағиданы жүзеге асыру оңай емес және әдістемелері әлі жеткіліксіз. Өйткені, табыс/ пайда, рента/ біртұтас есептеледі, жеке факторларға, түрлерге бөлінбейді. Соған қарамастан, жоғарыда айтылған негізгі факторлардың табыстың /пайданың, рентаның/ шамасына әсерін болжауға, жоспарлауға болады. Кәсіпорынның техникалық жабдықталу дәрежесіне сәйкес ондағы еңбек өнімділігін болжауға болады. Сол сияқты жұмсалатын капиталдық шамасы да техникалық жабдықтаумен тікелей байланысты. Егер осылай екі негізгі факторлардың жалпы табысқа / пайдаға/ әсерін анықтасақ, қалғанын үшінші негізгі фактордың табиғат ресурстарының әсерінен

алынды деп есептеуімізге болады.

Мысалы, белгілі бір өнімнің бағасы $P=C_1+C_2+V+m$ шамаларымен қалыптасады дейтін болсақ, кез келген кәсіпорынның осындай өнімі бірдей бағамен сатылады.Мұнда:C_1 – өнімнің өзіндік құнына кіретін кәсіпорынның негізгі және айналмалы қорларының құны ; C_2- табиғат ресурсының / шикізат /құны; V-еңбек ақы; m- өнімнен алынатын пайда.

Нарық жағдайында қалыптасқан бағаның деңгейі өнімге сұраныс болған жағдайда сапасы / орналасу тиімділігі / ең нашар табиғат ресурстарын пайдаланушыларға жеткілікті дәрежеде пайда әкелуі тиіс.олай болмаған жағдайда ондай табиғат ресурстары пайданылмайды.

Табиғат ресурстары, оның ішінде әсіресе сапалылары, әдетте шектеулі; сондықтан өнімнің саны азаяды. Ұсыныс сұранысты толық қанағаттандырмайды. Бұл өнімнің бағасының өсуіне әкеп соғады. Сөйтіп баға шығынды көбірек жұмсаудың қажет ететін «нашар» табиғат ресурстарын пайдаланғандағы «шеткі шығын» шамасымен қалыптасады. $\mathbf{P=C_1'+C_2'+V'+m'}$. Ал « тәуір» табиғат ресурсын пайдаланушылар қосымша пайда рента алады.

$$\mathbf{P=C_1''+C_2''+V''+m''}$$

Баға кәсіпорыннан тыс қалыптасатын болғандықтан кәсіпорынның өнімнен алатын пайдасы оған жұмсаған шығындарына тікелей байланысты.

$$\Delta m=R=(C_1''-C_1')+(C_2''-C_1')+(V''-V')$$

Егер сала бойынша / бір өнімге/ барлық кәсіпорындардың техникалық жабдықталуы тең және еңбекақы шамасы бірдей дейтін болсақ / тең болмаса айырмашылығын есептеуге, жоспарлауға болады /, $C_1'=C_1''$; $V''=V''$;$\Delta m=C''_2-C'_1$;

Қосымша табыс Δm табиғат ресурстарының әсерінен алынған болып шығады.

Жоғарыдағы пайымдауларымыз шындыққа келеді, өйткені бірдей / біртектес / өнімдер шығаратын өндіріс саласының кәсіпорындарының еңбек ақысы нормалы шамалары бірдей болуы керек және амортизация нормасы да тең болады.

Ал олар пайдаланылатын табиғат ресурстарының сапасы әдетте әртүрлі. Олай болмағанда,алғашқы факторларды теңестіру мүмкіншілігі бар, ал соңғысын табиғат қалыптастырған. Табиғат ресурсының сапасын қосымша еңбек жұмсап теңестіргеннің өзінде, ол алғашқы факторларды /еңбек пен капиталды/ өзгертеді.

Табиғат ресурстарының есебінен алынғын қосымша пайда рента алғашқы бөліске және қайта бөлісулерге жатады. Бір жағынан, ренталық табыс табиғат ресурсының иесіне тиесілі. Еңбек иесі еңбекақы, капитал иесі-процент, табиғат ресурсының иесі рента алады. Екінші жағынан, рентаны алуға әрекет еткен кәсіпорында шетте қалмауы керекүөйтпеген күнде олар рента өндіруге ынталы болмайды. Үшіншіден, табиғат ресурстары өздігінен ешқандай рента бермейді. Ол үшін аталған үш фактор өндіріс процесінде қосылуы керек. Сөзіміздің басында айтылған өнімді еңбек, құрылымы тиімді капитал, сапасы және орналасуы тиімді табиғат ресурстары керек және олар үйлесімді ұйымдастырылуы, яғни тиімді өндіріс болуы тиіс.

Қарастырған мысал дифференциалдық рентаның тек қана өндірісте пайда болатынын, меншік түрінің оған ешқандай қатынасы жоқ екенінін көрсетеді. Меншіктік қатынастар тек қана рентаны бөлісуге қажет. Рентаны алғашқы бөлу табиғат ресурстарын пайдалану төлемдерін белгілеу арқылы шешімінтабады. Рента көптеген төлемдер мен салықтың құрамына кіреді. Мысалы, жер салығының, орман таксасының, минералдық шикізатқа төлемдердің құрамына рента бар.

Рента шамасын дұрыс анықтау және кәсіпкерлікті ынталандыру қызметін жақсарту нарық қатынасын жетілдірудің өзекті мәселесі болып табылады. Ренталық қатынастарды жетілдіру тек қана макроэкономикалық емес микроэкономикалық мәселе. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға септігін тигізеді. Өйткені шағын кәсіпкердіктің көптеген түрлері жер, су, орман, қазба байлықтар, тағы басқа табиғат ресурстарын пайдалану негізінде құрылады және дамиды. Шағын кәсіпкерлерді рента өндіруге ынталандыру, жалпы ренталық қатынастарды жетілдіру үшін рента табиғатын анықтау жолдарын әлі де толығырақ зерттеу керек.

Рента шамасын анықтау жөніндегі ұсынысымыз ренталық қатынастарды жетілдіруге үлес қосады деп есептейміз, сонымен қатар келесідей пікір ұсынамыз:

1. Рента өндіріс прцесстерінде табиғат ресурстарының табиғи сапасы мен орналасу жағдайына байланысты туындайды.
2. Дифференциалдық рента меншік түріне байланысты емес.Меншік түрі рента өндіруді ынталандыру, рентаны бөлісу процесстерінде ғана маңызды рөл атқарды.

3. Рентаны бөлуге қатысатын меншік түрін реформалаудан бұрын сол рентаны өндіретін қатынастарды жетілдіру керек.

ӘДЕБИЕТ

1 Қарғажаков З.Қ., Баймырзаев К.М., Қалиасқарова З.К. «Платегин за пользование природными ресурсами» :учебное посабие Алматы « Қазақ университеті» 1997-162 с

2 Мұқаұлы С. Табиғат пайдалану экономикалық қатынастарын жетілдіру. В мат.Республиканской научно практический конференции «совпеменные проблемы регионального управления экономикой РК. Алматы. 2000

3 Мұқаұлы С., Айтжанова Д.А. Табиғат ресурстарын экономикалық бағалау туралы. В сб. «развития рынка жилья ипотечного кредитования в Казахстане» Алматы. КазГАСА 2004 175-181 с.

Резюме

Табиғатты пайдалану экономикалық қатынастарын жетілдіру мақсатында табиғат рентасын есептеу, бөлу және қайта бөлу ұсыныстары беріледі.